

«А.Н.СЫЗҒАНОВ атындағы ҰЛТТЫҚ  
ҒЫЛЫМИ ХИРУРГИЯ ОРТАЛЫҒЫ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО  
«НАЦИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНЫЙ ЦЕНТР  
ХИРУРГИИ  
имени А.Н.СЫЗГАНОВА»

**«Қазақстан хирургиясының Хабаршысы» журналының редакциялық саясаты**

«Қазақстан хирургиясының Хабаршысы» журналы А.Н. Сызганов ат. Ұлттық ғылыми хирургия орталығы ресми түрде шығаратын рецензияланатын медициналық басылым болып саналады. Бүгінгі таңда біз журнал хирургияның заманауи салаларындағы ең жаңа ғылыми ақпараттардың, идеялардың, зерттеулердің, талдаулардың және трендтердің беделді көзіне айналды деп сенімді түрде айта аламыз.

Қазіргі таңда әлемдік медицина ғылымына және белгілі ғылыми метрикалық платформаларға прогрессивті интеграция жасау мақсатында 2018 жылдан бастап «Қазақстан хирургиясының Хабаршысы» ағылшын тілінде шығарылады. Сондай-ақ журналдың өз веб-сайты бар (vhk.kz), авторлардың мақалаларын онлайн режимде жариялауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, басылым әлеуметтік желілерде де ұсынылған, бұл редакциямен аса қажетті кері байланысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Журналдан дәйексөздер алу деңгейі жоғары және қазақстандық дәйексөздер базасы мен ресейлік ғылыми дәйексөздер индексінің нұсқалары бойынша өзіндік импакт-факторы бар. Сонымен қатар, «Қазақстан хирургиясының Хабаршысы» Google Scholar және SiberLeninka-да индекстеледі, ал CrossRef-ке жыл сайынғы жазылу жарияланған мақалалардың әрқайсысына DOI алуға мүмкіндік береді.

**Мақсаты**

«Қазақстан хирургиясының Хабаршысы» журналының мақсаты – кардиохирургия, ангиохирургия, абдоминалды хирургия, онкология, урология, анестезиология-реаниматология, оториноларингология, травматология, трансплантология, микрохирургия, пластикалық хирургия және хирургияның басқа да салаларындағы іргелі және қолданбалы зерттеулердің нәтижелерін объективті ұсыну.

**Журнал бөлімдері**

Хирургия  
Диагностика және емдеу  
Қоғамдық денсаулық сақтау  
Медицина

**Еркін қолжетімділік саясаты**

«Қазақстан хирургиясының Хабаршысы» журналы мыңа ұстанымға сүйене отырып, оның мазмұнына тікелей ашық қолжетімділікті қамтамасыз етеді: зерттеу нәтижелеріне еркін ашық қолжетімділік жаһандық білім алмасудың артуына ықпал етеді.

**Рецензиялау**

Рецензия – рецензияланатын жұмыстың авторы да тиесілі сол пәндік салаңыз мамандары орындаған дербес жазбаға ғылыми жұмыс болып саналатын, «Қазақстан хирургиясының Хабаршысы» ғылыми журналына жариялау үшін келіп түскен ғылыми мақаланы бағалық талдауы. Рецензиядағы ең басты мәселе – материалдың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау, материал авторының көзқарастарып қысқаша

«А.Н.СЫЗҒАНОВ атындағы ҰЛТТЫҚ  
ҒЫЛЫМИ ХИРУРГИЯ ОРТАЛЫҒЫ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО  
«НАЦИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНЫЙ ЦЕНТР  
ХИРУРГИИ  
имени А.Н.СЫЗГАНОВА»

мазмұндау және рецензенттің автордың негізгі идеяларына ғылыми негізделген көзқарасы, оларды рецензенттің пікірлеріне сәйкес түсіндіру.

Рецензия журналдың ғылыми-тақырыптық бағытына материалдың сәйкестігін анықтау үшін редакция жүргізетін сараптаманың негізгі құжаты ретінде міндетті болып саналады. Рецензиялау бас редакторға жұмысты жариялау туралы шешім қабылдауына көмектеседі, ал автор редактормен байланыс арқылы өз жұмысын жақсарту алады.

«Қазақстан хирургиясының Хабаршысы» журналында «екі жақты жасырын» рецензия қабылданды (рецензент пен автор бір-бірінің есімін білмейді).

Әрбір сайланған рецензент ғылыми жарияланымдардың этика кодексін басшылыққа алуы тиіс: құпиялық, объективтілік, бейтараптық, өз пікірін білдірудің айқындылығы мен дәлелденуі, бастапқы дереккөздерді тану қағидатын сақтау, өзара рецензиялауға жол бермеу. Рецензенттерге өзі жіберген қолжазбалардың авторлардың жеке меншігі болып табылатыны және жария етуге жатпайтын мәліметтер екені туралы хабарланады (мақала жарияланғанға дейін оның мәліметтерін жария ету автордың жазбаша келісімі арқылы ғана мүмкін болады).

Рецензияланған жұмыстың авторына рецензия мәтінімен танысуға мүмкіндік беріледі.

Журналдың редакциялық алқасы «Қазақстан хирургиясының Хабаршысы» журналының редакциясына ұсынылған ғылыми мақалаға рецензия құрылымы бойынша ұсынымдар әзірледі. Рецензент мақалада, профильде және журнал тақырыбында көрсетілген материалдың сәйкестігі анықтауы керек; мақалаға арналған мәселені қысқаша сипаттау; алынған нәтижелердің өзектілігі, өзіндік ерекшелігі мен маңыздылығы, ғылыми-теориялық ойдың қазіргі жетістіктеріне сәйкестігі, тіл, стиль, материалдың орналасуы, кестелердің, диаграммалардың, сызбалар мен формулалардың көрнекілігі, осы мәселе бойынша бұрын шығарылған әдебиеттерді ескере отырып, орындылығы тұрғысынан қолжетімділік дәрежесін бағалау; мақаланың ұтымды тұстарын, сондай-ақ кемшіліктерін атап өту.

Егер мақала рецензиясында оны түзету қажеттілігі туралы нұсқау болса, онда мақала авторға түзету жұмыстары үшін жіберіледі.

Автор түзеткен (қайта өңдеген) мақала рецензиялауға қайта жіберіледі және жалпы тәртіп бойынша қаралады.

Рецензент жариялауға ұсынбаған мақала қайта қарауға қабылданбайды.

Мақаланы жариялаудың орындылығы туралы түпкілікті шешімді журнал редакциясы қабылдайды.

### **Индекстеу**

«Қазақстан хирургиясының Хабаршысы» журналындағы жарияланымдар авторлар мен журналдардың дәйексөз индекстерін есептеу жүйесіне кіреді. «Дәйексөз индексі» - мақаланың маңыздылығын сипаттайтын және осы жұмысқа сілтеме жасайтын кейінгі жарияланымдар негізінде есептелетін сандық көрсеткіш.

Журнал мына жүйелерде индекстеледі:

Қазақстандық дәйексөз базасы

Ресейлік ғылыми дәйексөз индексі

Google академиясы (Google Scholar)

«А.Н.СЫЗҒАНОВ атындағы ҰЛТТЫҚ  
ҒЫЛЫМИ ХИРУРГИЯ ОРТАЛЫҒЫ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО  
«НАЦИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНЫЙ ЦЕНТР  
ХИРУРГИИ  
имени А.Н.СЫЗГАНОВА»

### Ғылыми жарияланымдар этикасы

Рецензияланған журналдарда материалдарды жариялау ғылыми коммуникацияның қарапайым тәсілі ғана емес, сонымен қатар ғылыми білімнің тиісті саласының дамуына айтарлықтай үлес қосады.

Журналдың редакциялық саясаты Қазақстандық ғылыми кезеңділіктің дәстүрлі этикалық қағидаттарына негізделеді және журнал редакторы (Code of Conduct and Best Practice Guidelines For Journal Editors) үшін Мінез-құлық кодексінде және ең үздік практика нұсқаулықтарында бекітілген редакторлар мен баспагерлер жұмысының этикалық нормаларын және журнал баспагері үшін Мінез-құлық кодексін (Code of Conduct for Journal publishers) Басылым этикасы комитеті әзірлеген - Committee on Publication Ethics (COPE).

### Редакторлардың міндеттері

Жариялау туралы шешім

Әдептілік

Құпиялылық

Ашу және мүдделер қақтығысы саясаты

Басылымдарды қадағалау

Зерттеулер шеңберінде қатысу және ынтымақтастық

### Рецензенттердің міндеттері

Редакция алқасының шешімдеріне ықпал ету

Орындаушылық

Құпиялылық

Қолжазбаға қойылатын талаптар және объективтілік

Бастапқы көздерді тану

Ашу және мүдделер қақтығысы саясаты

### Баспаның міндеттері

Баспагер қолданыстағы жалпы талаптарға сәйкес «Қазақстан хирургиясының Хабаршысы» ғылыми журналының Редакторлары, Рецензенттері мен Авторларының этикалық міндеттерді орындауына ықпал ететін қағидаттар мен рәсімдерді ұстануы тиіс.

Баспа «Қазақстан хирургиясының Хабаршысы» журналының Редакторларына жарияланатын материалдардың этикалық аспектілеріне қатысты талаптарды қарауда қолдау көрсетуі және, егер бұл Редакторлардың міндеттерін атқаруына ықпал етсе басқа журналдармен және/немесе Баспалармен өзара іс-қимыл жасауға көмектесуі тиіс.

Баспагер зерттеу жүргізудің тиісті практикасына ықпал етуі және этикалық ұсыныстарды, қателерді жою және түзету рәсімдерін жетілдіру мақсатында тиісті стандарттарды енгізуі тиіс.

Баспагер қажет болған жағдайда Редакторларға тиісті мамандандырылған заңгерлік қолдауды (қорытынды немесе кеңес беру) қамтамасыз етуі керек.

### Құрылтайшы

«А.Н. Сызганов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ

«А.Н.СЫЗҒАНОВ атындағы ҰЛТТЫҚ  
ҒЫЛЫМИ ХИРУРГИЯ ОРТАЛЫҒЫ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО  
«НАЦИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНЫЙ ЦЕНТР  
ХИРУРГИИ  
имени А.Н.СЫЗГАНОВА»

#### Қаржы саясаты

Ашық қолжетімділік саясатына сәйкес «Қазақстан хирургиясының Хабаршысы» журналының қызметі құрылтайшының есебінен қаржыландырылады.

«Қазақстан хирургиясының Хабаршысы» журналы қазіргі таңда құжаттарды тапсыру, мүшелік жарна, жариялау ақысы, бет ақысы, түрлі-түсті суреттер ақысы немесе мақалаларды жүйелі түрде тапсыру үшін кез келген басқа ақы алмайды. Барлық ұсынылған қолжазбалар тегін қаралын, жарияланады.

#### Ашу және мүдделер қақтығысы саясаты

Қарауға ұсынылған қолжазбалардан алынған жарияланбаған деректерді Автордың жазбаша келісімінсіз жеке зерттеулерде пайдалануға болмайды.

Рецензиялау барысында алынған және ықтимал артықшылықтармен байланысты ақпарат немесе идеялар құпия сақталуы және жеке пайда алу мақсатында пайдаланылмауы тиіс.

Рецензенттер ұсынылған жұмысқа байланысты кез келген Авторлармен, компаниялармен немесе басқа ұйымдармен бәсекелестік, бірлескен және басқа да өзара іс-қимылдар мен қатынастар салдарынан мүдделер қақтығысы болған жағдайда қолжазбаларды қарауға қатыспауы тиіс.

#### Иемдену және плагиат

«Қазақстан хирургиясының Хабаршысы» журналының редакциялық алқасы мақаланы қарау кезінде плагиатқа қарсы жүйенің көмегі арқылы материалды тексере алады. Көптеген көшірмелер анықталғап жағдайда, редакция COPE ережелеріне сәйкес әрекет етеді.

#### Журналдың өкілеттіктері

Материалдарды жариялауға қатысты барлық сұрақтар «Қазақстан хирургиясының Хабаршысы» журналының редакциясына жіберілуі керек.

«А.Н. Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ, Желтоқсан, 62,  
Пошта индексі 050004, Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
Электронды пошта: inkar\_sagatov@mail.ru  
Тел: +7 708 155 15 77  
ISSN 1994-5639 (Print)  
ISSN 2310-5828 (Online)



Бас редактор м.ғ.д.,  
профессор, ҚР ҰҒА академигі

Б.Б. Баймаханов